



Тарихы

Еуразия қылысы

Саулет

Әлеуметтік саға

# Астана - Қазақстанның бас қаласы







Р Е С Е Й

**АСТАНА.**

КАСПИЙ  
ТЕҢІЗІ

ҚЫТА

ӨЗБЕКСТАН

ҚЫРҒЫЗСТАН

ТҮРІКМЕНСТАН





Тарих

Еурасия қылысы

Сәулет

Әлеуметтік сапа

# ТАРИХЫ

## АСТАНА – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЛОРДАСЫ



1997 жылы егемен Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен **Ақмола Қазақстанның елордасына айналды**. Мұндай шешімнің қабылдануына қаланың геосаяси тұрғыдан елдің орталығында, аса ірі көлік жолдарының қиылысында орналасуы, қажетті көлік және телекоммуникациялық инфрақұрылымның, елорданы дамытуға қажетті бос жатқан жерлердің болуы себеп болды. Халқы 290 мың адамды құрайтын, Қазақстандағы ең көркем әрі келешегі мол қалалардың бірі Қазақстанның жаңа астанасына айналды. Қаланың алаңы 1997 жылы 258 шаршы километрді құраса, бүгін Астана 710,2 шаршы километрді алып жатыр.



1998 жылғы 6 мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес **Ақмоланың атауы Астана деп өзгертілді**. 1999 жылы ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша Қазақстанның астанасына медаль тапсырылып, «**Бейбітшілік қаласы**» деген жоғары атақ берілді. Бүгін Астана – **еуразиялық кеңістіктің орталығы**, мұнда қазіргі заманғы саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени мәселелер бойынша түрлі басқосулар өткізіледі.







# *Астана - Бәйтерек*













